

Б.Б. Баязитов 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Мақалада қазақ әдебиетінің классигі Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романына психологиялық талдау жасалады. Зерттеу барысында шығарма кейіпкерлерінің ішкі әлемі мен мінез-құлқы қарастырылады, уақыт пен кеңістік категорияларының ерекшелігі мен табиғатына сәйкес сол дәуірге тән халықтың дәстүрлері мен өмір салты сипатталады. Жұмыста романда бейнеленген барлық адамдардың көңіл-күйі мен ойлары ашылады, олардың сана ағымы көрсетіледі. Қазіргі әдебиеттануда ұсынылған көркем шығарманың психологизмін зерттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде жазушы шығармашылығында көркемдік құралдарды үйлесімді қолдану дәлелденді. Мақалада идеяны іске асырудың толықтығы, автордың көркемдік шешімінің жетілуі кейіпкерлердің психологиялық жағдайын, олардың айналасындағы әлемді, олар өмір сүретін дәуірді шебер сипаттау арқылы қол жеткізілетіні көрсетілген. Талдау барысында Өмірші образы жан-жақты күрделі образ екені айқындалды. Көркем шығарма психологизмі пәнаралық зерттеулерді талап ететін ғылым саласы ретінде әлем және қазақ әдебиеттануында негізгі зерттеу нысанына айналып келеді. Қазіргі уақытта әдебиеттің әртүрлі жанрларында психологизмнің жаңа сипаты көрініс табады. Әдебиеттануда психологиялық талдаудың инновациялық әдістері мен тәсілдері белсенді дамуда. Қазақ әдебиетінде Ә. Кекілбаев шығармашылығы өзінің психологизмнің жарқын мысалы бола алатындығымен ерекшеленеді. Шығармадағы әр деталь, көркемдік шешім оқырман қабылдауында эстетикалық әсер қалдырады. Зерттеу қорытындысы жазушы романы арқылы көркем шығарма мен психологизмнің ажырамас бірлікте болатынына көз жеткізеді.

Тірек сөздер: роман, психологиялық талдау, кейіпкер, образ, характер.

B.B. Bayazitov

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz

Psychologism in the novel by Abish Kekilbaev “The End of the Legend”

The article provides a psychological analysis of “The End of the Legend”, a novel by the classic of Kazakh literature A. Kekilbaev. The study examines the inner world and behavior of the characters of the given literary work. It describes people’s traditions and lifestyle, characteristic of that era, and correlating with the specificity and nature of the time and space categories. The work reveals the mood and thoughts of all the persons depicted in the novel, showing their stream of consciousness. Based on the use of various methods and techniques for studying the psychologism of an artwork existing in modern literary criticism, the author proves the harmonious use of artistic means in the writer’s work. The article indicates that the completeness of the idea embodiment, the perfection of the author’s artistic solution are achieved by skillfully describing the psychological state of the characters, the world around them, and the era in which they live. During the analysis, it is noted that the image of the ruler is complex. The article proves that the psychologism of a work of art as a field of science requiring interdisciplinary research is becoming the main object of research in the world and Kazakh literary criticism. At present, a new character of psychologism is put into different genres of literature. In literary criticism, innovative methods and techniques of psychological analysis are in the process of active development. In the course of the study, it is emphasized that in the Kazakh literature, A. Kekilbaev’s work is distinguished by the fact that it can serve as a vivid example of psychologism. Every detail, artistic solution in the work makes an aesthetic impression on the reader’s perception. The results of the study indicate that through the writer’s novel, the work of fiction and psychologism are inseparably united.

Key words: a novel, psychological analysis, hero, image, character.

Б.Б. Баязитов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: bayazitov.b@kaznu.kz

Психологизм в романе Абиша Кекильбаева «Конец легенды»

В статье проводится психологический анализ романа «Конец легенды» классика казахской литературы А. Кекильбаева. В ходе исследования рассматриваются внутренний мир и поведение героев произведения, дается описание традиций и быта народа, характерных для той эпохи в соответствии со спецификой и природой категорий времени и пространства. В работе раскрываются настроение и мысли всех изображенных в романе лиц, показывается их поток сознания. На основе применения различных методов и приемов изучения психологизма художественного произведения, предлагаемых в современном литературоведении, доказываются гармоничное использование художественных средств в творчестве писателя. В статье указывается, что полнота воплощения идеи, совершенство художественного решения автора достигаются путем умелого описания психологического состояния героев, окружающего их мира, эпохи, в которую они живут. В процессе анализа отмечается, что образ правителя – это сложный образ. В статье доказывается, что психологизм художественного произведения как область науки, требующая междисциплинарных исследований, становится основным объектом исследования в мировом и казахстанском литературоведении. В настоящее время в разных жанрах литературы заложен новый характер психологизма. В литературоведении активно разрабатываются инновационные методы и приемы психологического анализа. В ходе исследования подчеркивается, что в казахской литературе творчество А. Кекильбаева выделяется тем, что оно может служить ярким примером психологизма. Каждая деталь, художественное решение в произведении создает эстетическое впечатление в восприятии читателя. Результаты исследования свидетельствуют о том, что через роман писателя художественное произведение и психологизм находятся в неразрывном единстве.

Ключевые слова: роман, психологический анализ, герой, образ, характер.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мазмұны мен түрі жағынан ерекше шығарма. Ғалымдар тарапынан да психологизм тұрғысынан көп зерттеліп келеді. Әдебиеттанушы зерттеушілер де, әдебиет сыншылары да бұл роман жайлы оң пікір берген. Роман желісіндегі оқиға туралы да көптеген пайымдар айтылған. Талдау барысында бүгінге дейін жазылған ғалымдардың, әдебиет сыншыларының еңбектері ескерілді.

Көркем шығармадағы психологизмнің орны жайлы ойланғанда М.О. Әуезовтің «прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су» дегені әуелі еске оралады. Прозадағы әр кейіпкердің сомдалуы, мінезделуі психологиямен тығыз байланыста болатындығы жайлы пікірлер де айтылды, оқырман тарапынан да шығарманы оқу барысында, қабылдауында осы пікір ойда болатыны анық. Көркем прозаның шынайылығын, көркемдігі мен үйлесімділігін психологизмсіз тану шығармаға үстірт қарау болып табылады.

Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романында негізгі үш кейіпкердің образын олардың сана ағымындағы ойлары мен іс-әрекеті бірі-

гінде сомдау арқылы қазақ прозасындағы психологизмнің озық үлгісін жасайды. Роман барысында символ, деталь көптеп кездеседі. Әрбір деталь өзінің орнында үлкен көркемдік мәнге ие.

«Аңыздың ақыры» романындағы басты символ – мұнара. Басты үш кейіпкерді байланыстырып тұрған да, шығарма желісін тұтастырып тұрған да осы символ. Мұнараның тілсіз кейпі Әмірші мен Кіші ханымға және Ұстаға әр қырынан қарағанда өзгеше сыр ұқтырады. Осы мұнараның салынуы мен салынып біткеннен кейінгі басты кейіпкерлерге түрлі ой салуы оқырманның өзіне ерекше ықылас танытуына себеп болады.

Романда Әмірші образын автор қатал, жеңімпаз билеуші ретінде сипаттауымен қатар пенделік ішкі сырларын психологиялық талдау арқылы ашады. Бұл туралы Ә. Кекілбаев романның жазылу себебінің бірі ретінде шығыс деспотизміне қарсылық екенін атап өтеді. Бір ғана тұлғаның қолына шоғырланып халық мүддесі ескеріле бермейтін жүйені сынайды. Сол жүйенің басындағы тұлғаның жан күйзелісін сипаттау арқылы оның ақырын баяндайды.

Әдебиеттанудағы психологизм тақырыбы, Әбіш Кекілбаев шығармашылығы және

«Аңыздың ақыры» романы туралы әдебиеттанушылар Б. Майтанов, Б. Шалабай, Г. Пірәлиева, Ж. Дүйсенбаева, әдебиет сыншылары С. Әшімбаев, Т. Токбергеновтердің еңбектері пайдаланылды.

Қазақ романындағы психологизм табиғатын ашып, теориялық негізін жүйелеген «Қазақ романы және психологиялық талдау» еңбегінде ғалым Б. Майтанов көркем прозаның поэтикасы, мазмұны мен стилі және қазақ романының даму кезеңдері мен мінездеу, психологиялық параллелизм, диалог, монолог сияқты тәсілдерді жан-жақты қарастырған болатын. Сол еңбегінде автор психологизмге: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен – психологизм» (Майтанов, 1996: 3), – деп анықтама береді.

Қаһарманның ішкі әлемін суреттеу арқылы бір қоғамның ішкі құрылымын, ондағы теңсіздік пен әділетсіздік жайлы үлкен көлемді туынды жасау Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында жүзеге асқанын көруге болады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі романды психологиялық талдау арқылы өткен тарих мен бүгінді салыстыра отырып адамзаттық құндылықтардың романда қандай сипатта баяндалғанын анықтау.

Әбіш Кекілбаев қазақ әдебиетіне ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары келіп қосылған жазушы. Бұл кез зерттеушілер тарапынан қазақ әдебиетіндегі дамудың жаңа белесі ретінде танылған. Осы тұста бір сапта әдебиет әлеміне қадам қойған жазушылардың қазақ елінің тарихын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін сипаттауда жаңашыл ой-өремен, биік парасатпен, соны талғаммен келгенін атап өту орынды. Әбіш Кекілбаев осы бір шоғыр ішіндегі өзгеше болмысты, бітімі бөлек қаламгер.

Ұлттық әдебиеттердегі сол ұлтқа тән белгілер мәдениетаралық қарым-қатынастың мәдени өресі жоғары түрі. Көркем туынды бір елдің тілінен екінші бір елдің тіліне аударылғанда сол жазушының еліне тән белгі, сипаттар қоса аударылу арқылы ел мен ел арасындағы мәдени ауыс-түйістер, өнер үйренулер жүзеге асады.

Жазушы Әбіш Кекілбаев шығармаларында қазақ халқына тән мәдени, рухани ерекшеліктер молынан кездеседі. «Тасбақаның шөбі» әңгімесі, «Күй», «Шыңырау», «Бәйгеторы» повестері, «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романдары негізінде осы белгілерді байқаймыз.

Зерттеу материалы және әдістері

Ә. Кекілбаевтың романын талдау барысында көркем әдебиеттегі психологизм мәселесіне арналған жұмыстар жүйеленді және жинақталды. Осы Тұжырымдаманың мәнін ашатын негізгі идеялар мен теориялар анықталды.

Зерттеу материалы Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын талдамас бұрын әдебиеттанудағы психологизм табиғаты жайлы В.Н. Брушкиннің, С.А. Махмудованың, Джон Физердің және т.б. ғалымдардың ойлары мен тұжырымдарын қарастырайық.

В.Н. Брушкин өзінің «Психологизм, Логика және Феноменология» атты зерттеуінде психологизмнің табиғатын ашады. Ол бұл тұжырымдаманы жазушының ойлау, дүниетаным және философиялық-эстетикалық құндылықтар жүйесімен бірлікте қарастырады (Брушкин, 2000: 39). Жазушы шеберханасына тән ерекшеліктердің психологизм табиғатын ашатынына осы зерттеу еңбегі біршама сендіреді. В.Н. Брушкин шығарма авторының дүниетанымы, ойлауы кейіпкер бейнесін жасауда негізгі бірліктер екенін дәлелдейді.

XX ғасырдағы өзбек әдебиетіндегі көркемдік психологизмді зерттеген ғалымдар ішінде зерттеуші С.А. Махмудова жазушылардың кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеуге деген көзқарасының ерекшеліктерін түсіндіреді. Ол ХХ ғасыр әдебиетінде кейіпкерлердің санасы мен психикалық жағдайын бейнелеудің жаңа әдістері мен формаларын қарқынды іздеу бар екенін көрсетеді (Махмудова, 2019: 119). Әдеби жанрлардың даму жолында түрлі ізденістермен қатар психологиялық талдауда жаңашылдыққа ұмтылыс болары талас тудырмайды.

Әдебиетте көркем шығарма бойынан ұлттық ерекшеліктер, автор дүниесі танымына тән сипаттар көрініс тауып отырады. Әдебиеттанушылар зерттеулерінде жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды басты назарға алғанымен де, автор қолтаңбасына және ұлттық ерекшелігіне тән белгілерді айналып өте алмайды. Бұл ерекшеліктерді бүтіннің бөлшегі ретінде қатар таниды және жаһандық мәдениетке қосылған үлес ретінде қарастырады.

Ұлттық психологизм белгілері дегендегі мақсат ұғым мағынасын тарылту, меншіктеу емес, тиісінше тұтастықты құрайтын адамзаттық құндылықтардың жүйесіне үлес қосып отырған ұлттардың мәдени белгілерінің көрінісін айқындау. Әлемдік руханиатқа қосатын әрбір

шығармашылық иесінің өзіндік қолтаңбасы болары анық. Қазақ әдебиетінің классигі Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы психологизм, философиялық ойлау, тарихи сананың жаңғыруы секілді факторларға толыққанды жауап беретін шығарма.

2008 жылы Ф. Пеллетьер, Р. Элио және Ф. Хансонның «Логика басымызда ғана ма?» атты мақаласы жарық көрді. Мақала авторлары психологизмнің табиғаты мен мәнін егжей-тегжейлі зерттейді. Олар оның семантикасы мен әдебиеттегі көріну формалары туралы ойланады (Пеллетьер, 2008). Психологизмнің көркем әдебиетте көрінуі жан-жақты, әр қырлы болып келетінін авторлар атап өтеді.

Ал Джон Физер психологизмді жалпы ұғым ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, бұл тұжырымдаманы пәнаралық көзқарас – әдебиеттану, эстетика, философия және психология тұрғысынан зерттеу керек (Физер, 1981). Джон Физердің тұжырымы бойынша, пәнаралық зерттеулер ғана психологизмнің шынайы табиғатын ашпақ.

Психологизмнің ғылым әлеміне енуі З. Фрейдтің «Түс жору» еңбегінен бастау алғаны мәлім. Осы психоаналитика туралы Терри Иглтон өзінің «Әдебиет теориясы» еңбегінде З. Фрейдтен бастап, психологияның осы бір саласына еңбек сіңірген ғалымдар мен осы психологтардың еңбектеріне сүйене отырып әдебиеттанудағы теориясын негіздеген әдебиеттанушылардың ой тұжырымдарын қорытып түсіндіріп береді (Иглтон, 1996: 131-169). Көптеген теориялық және практикалық еңбектерді саралай келе, психологиялық талдаудың пәнаралық байланыстарға бейім екенін көреміз. Бұл адам табиғатының күрделілігімен, ақыл-ой мүмкіндігінің шексіздігімен өлшенсе керек.

«Аңыздың ақыры» романы 1971 жылы «Махаббат мұнарасы» деген атпен «Жұлдыз» журналында алғаш жарияланды. Қазіргі кезге дейін романның қазақ және шетел тілдерінде түрлі басылымдары жарық көрді. Зерттеуге Әбіш Кекілбаевтың 2010 жылы шыққан шығармаларының 20 томдық толық жинағының 4-томына енген нұсқасы алынды.

«Аңыздың ақыры» романы қазақ әдебиетіндегі ой мен сананың мұнарасы. Жасы келген, оң мен солын, дүниенің ойы мен қырын жақсы таныған Әміршінің терең ойы, монологтары өмір шындығынан туған көркемдік шешімдер. Ол бір жағы автордың дүниеге көзқарасын, танымын көрсетсе, екінші жағынан билеушінің дүниедегі қол созған затының бәрін

иелене отырып кей істерде шарасыз хәлге түсуін де көрсетеді. Мұны Әбіш Кекілбаев өз жазбаларының бірінде атап өтеді: «...оның «Аңыздың ақыры» деп аталатын себебі – Ақсақ Темір артымда ешкім ұмытпайтындай аңыз қалдырам деген мұрат тұтқан. Не істесе де, сондай керемет зор қылып істеуі, не істесе де ешкім қайталамайтындай, өзінен бұрын ешкім істемегендей қылып істейтін жоспары болған. Адамға зорлық жүрген жердің өзінде ішкі сенім болмай қалатындығы сонша – керемет алапат нәрсенің бәрі пендешіліктің бір жай көрінісі болып қалатындығын тұспалдап жеткізетін роман жазу керек болды» (Кекілбаев, 2020). Автордың алға қойған мақсаты орындалғанын, ойы жүзеге асқанын романның сәтті шыққанынан білуге болады.

«Аңыздың ақыры» романының сюжеті шығыстық сарынға жатады. Алайда аңыз қазақ даласында туған төл туынды десек те болғандай. Шығыс халықтарындағы аңыздар желісіндегі ел билеушілерінің сипатталуы, махаббаттың көрініс табуы, терең ойшылдық, тағылым аларлық оқиғалар желісінің болуы шығарманы орта ғасырлық туындылармен азды-көпті байланыстырады. «Аңыздың ақыры» романын тарихи, әдеби жәдігерлердің классикалық үлгісінде жазылған шығарма десек қателесе қоймаспыз.

Ел мен жер, халық пен билік, хан мен ханша, ұста мен мұнара секілді өзіндік образдар жүйесін Әбіш Кекілбаев шығармаларынан ерекше сипатта көруге болады. Тарихта ертеректегі билеушілерге тән қасиеттің бірі көп әйел алу. Романда Әміршінің екі әйелі арасындағы күндестік Кіші ханымның ерекше мұнара салуды жоспарлауымен шиеленісе түседі. Мұнараның басты қызметі жорықтан қайтқан Әміршіге Кіші ханымның сағынышын білдіре отырып сән-салтанатымен алыстан мен мұңдалап қарсы алу болатын. Кіші ханым романда мұнараны салдырады. Құрылыстың аяқталуына себепкер болады.

Мұнараны салу барысында Кіші ханым құрылыстың қалай жүріп жатқанын білу үшін салынып жатқан құрылыс алаңына барып ұстамен тілдесіп қайтуды жөн көреді. Ол кездегі салт бойынша әйел адам бетін тұмшалап, сырт көзден жасырын ұстайтын болған. Мұны Жаппар ұстаның Ахмет байдың үйінде тұрып жатқанда байдың қызының бет-жүзін көрмегенінен және Кіші ханыммен кездескенде де тек көзін ғана көре алғаны баяндалады. Бұл ерекшелік автордың ұста характерін психологиялық талдау арқылы ашуына мүмкіндік береді. Үнемі бет-

жүздерін тұмшалап жүргендіктен ұста да, сол кездегі өзге ер адамдар секілді әйел адамдарға аса көз сұғын қадай қоймайтын. Алайда байдың қызының көзіне кездейсоқ көзі түсіп ерекше әсерге бөленген сәті жігіттің көңіліне махаббат отын тұтатуға сеп болады. Осы хал ұста басынан екінші рет Кіші ханымның көзін көргенде өтеді. Бұл енді мұнараны ерекше шабытпен сала бастайды. Сыртқы әрлендіруінен де, ішкі безендіруінен де ұстаның Кіші ханымға деген ықыласы, ынтық пейілі танылып тұрады.

Әміршінің жорықтан қайтып келе жатқан хабары жеткенмен Ұста мұнара құрылысын аяқтауға асыға қоймайды. Кіші ханым ұстаның өзгеше көңіл-күйін, ерекше аңсарын байқап, ханша болғандықтан өзі баруға дәті шыдамай, қызметші қыздардың бірін мұнараға жібереді. Қызметші қыз келген соң мұнара Әміршінің келуіне орай өз уақытында салынып бітеді. Алайда күндестік Әміршінің алдынан өзегіне құрт түскен қызыл алманы шығарады. Романның алғашқы тарауы да «Қызыл алма» деп аталады. Әміршіге бүкіл өткенін ой елегінен өткізуіне сеп болған, түрлі күмән мен күдікке жол ашқан осы қызыл алма болатын.

Дүниеге дарынымен келген бала айналаға өзгеше көзбен қарайды. Жаппардың қағылез, қатарынан өзгеше қасиетін әуелі әкесі таниды. Қызығушылығын, қабілетін байқаған бойда әкесі Жаппарды өнерге баулиды. Өзі де өнерлі әке баласының қабілетін шыңдай түседі. Баласы ержеткен соң астанаға алып келеді. Сол жердің шеберлерімен бірге жұмыс жасауына мүмкіндік жасайды. Әбден шыныққан, өз өнерінің биік өресіне көтерілген, толыққан Жаппар ұстаға енді ерекше әлемде жоқ мұнараны тұрғызу ұсынылады. Әрбір шебердің арманы болған өзінің төл туындысын Жаппар ұста Кіші ханымның сарайының жанындағы бақтың бір бұрышына тұрғызуға бел буады. «Мұнара» осылай салына бастайды.

«Махаббат» бөлімінде автор Кіші ханымның ішкі жан дүниесіне үңіледі. Сарай тәртібі, қызметшілер әдебі осы бөлімде толыққанды суреттеледі. Ұлы ханым мен Кіші ханым арасындағы күндестік екі сарай арасындағы қызметшілерінің тың тыңдауы арқылы бірінің хабарын бірі біліп отырудан басталады. Олар бір-бірінен қалай асып түсуді, Әміршіге ерекше ұнауды мақсат етеді. Сол мақсаттарына жету үшін ешнәрседен тайынбайды. Түрлі айла, амалдар ойлап табады. Кіші ханымның Ұлы ханымнан озар амалының бірі өзіне келген барлық асыл тастардың құнына

Әміршінің құрметіне алып мұнара тұрғызу болды. Кіші ханым ойын уәзірге жеткізеді. Уәзір астананың бас ұстасын шақырып тапсырма береді. Бас ұстаның мұнара салатын ұстаға таңдауы Жаппарға түседі.

Осы үшінші бөлімде жазушы Кіші ханымның махаббат дерлік сезімі мен тұтас рухани жан әлемін түрлі қырларымен суреттейді. Әмірші – Кіші ханым – Жаппар ұста арасындағы мұнара байланыстырып тұрған әрбіріндегі нәзік сезім Әміршінің күйреуіне алып келеді.

«Аңыздың ақыры» Әміршінің дүниемен қоштасуымен аяқталады. Мұнараға байланысты ел аузына тарап кеткен лақапты бір сәтке серпіп тастар деген үмітпен жорыққа дайындалған Әмірші жорық жолына шығарда өзге жорықтардан өзгеше бүкіл халықтың жол бойына шығып шығарып салып тұрғанын көреді. Астанадан шыға беріске салынған көпірден өте бергенде сұқ саусағындағы «қасына зұлыстар елінен ғана келетін аса сирек тарғыл-тарғыл мысық көз тас қондырған күміс жүзігі» (Кекілбаев, 2010: 265) саусағынан сусып түседі. Жүрегі суылдап қоя береді.

Осы жорыққа аттану барысында алдынан көзі соқыр қатпа қара кісіні де көзі шалады. Әмірші шырамытады. Ол – мұнараны салған шебер болатын. Жорықтың алғашқы күндерінің бірінде, мақсатына жете алмай Әмірші дүниеден озады.

Жалпы роман «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» атты төрт тараудан тұрады. Төрт тараудың атауының символдық мәні бар. Аталмыш тараулардан жазушының Әміршінің, Жаппар ұстаның және Кіші ханымның ішкі рухани жан дүниесіне жасаған психологиялық талдауларын көруге болады.

Әдебиеттерге шолу

Әбіш Кекілбаев шығармашылығы жайлы сөз қозғаған, пікір білдірген сыншылар мен әдебиеттанушылардың көпшілігі жазушының кейіпкердің жан дүниесін, рухани әлемін тап басып суреттей алатын ерекшелігін атап өтеді. Мысалы, сыншы Сағат Әшімбаев «Аңыздың ақыры» романы жайлы: «Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін – философияғы мен терең психолог екендігін, бір сөзбен айтқанда, жазушылық жоғары интеллектін айрықша дәлелдейді» (Әшімбаев, 1999: 418) – деп пікір білдіреді. Бұл жазушыға сыншы тарапынан берілген әділ баға екеніне романды талдау барысында көз жеткізе түстік.

Әдебиет сыншысы Төлеген Тоқбергенов: «Романда романтикалық сарын, философиялық түйін, шартты тұспал түгел араласқан. «Аңыздың ақыры» қалай да қазақ әдебиетінің роман жанрындағы үлкен жаңалықтарының бірі. Лирикалық сипаттағы роман-новелла десе де болады» (Тоқбергенов, 1981), – деп «Аңыздың ақыры» романын қазақ әдебиетіндегі роман жанрындағы үлкен жаңалықтың бірі ретінде таниды.

Қазақ романы ХХ ғасырдың бас кезінен өзінің даму жолына түсті. Алғашқы романдар қатарындағы «Ақбілек» романында жазушы Жүсіпбек Аймауытов психологизмнің үлгілерін көрсетті. Әдебиеттанушы ғалым Б. Майтанов көркем шығарманың психологизмінің бастауын зерттеуді осы романдан бастайды. Қазақ романының әр уақыт өсіп, кемелденіп отыруы Ә. Кекілбаев сынды қаламгерлердің «Аңыздың ақыры» сынды жаңалыққа толы шығармалар беруімен өлшенсе керек.

«Аңыздың ақыры» несімен жаңалық ретінде танылып отыр дегенге сыншы Т. Тоқбергенов біршама нақты, әрі толық жауап бергенін келтірілген үзіндіден көрдік. Сол жаңалыққа жол болған жазушының кейіпкерлерді сомдау ерекшелігін де атап өткен орынды. Мұны әдебиеттанушы ғалым Б. Шалабай: «оның кейіпкерлері ішкі толғаныс, ой үстінде жүреді» (Шалабай, 2009: 144), – деп анықтап кетеді.

«Аңыздың ақырын» оқи отырып Әміршінің бейнесіне ерекше тоқталып өту керектігін түсінеміз. Оған жазушының шығыс деспотизмін әшкерелеу арқылы сынауды, кемелдікке ұмытылып, болып-толып отырып тоқырауға ұшыраудың соңы не боларын көрсетуді мақсат еткені көзімізді жеткізе түседі. Әмірші образы күрделі образдар қатарында. Оның ел басқаруы мен Кіші ханым арасындағы нәзік байланысты сақтап қалу жолындағы істері бәрі де өз абыройын қорғаудан келіп шығады.

Психологиялық талдауда ғалымдар эгоның (меннің) қорғаныс құралдарын бірнеше түрге бөліп қарастырады. Олар: орынсыз либидолық (саналы ақыл-ойдың көп жағдайда бейсана деректерге едәуір трансформация жасауы), интеллектуалдандыру, проекциялау, рационалдау, реакция қалыптастыру, регрессия, сублимация, қысым көрсету, т.б. (Райан, 2017). Осы қорғаныс құралдарын Әмірші бойынан көруге болады. Ә. Кекілбаев Әмірші бейнесін жасауда кейіпкерінің өзін қорғау құралдарын қалыптастырып алуына мүмкіндік жасаған. Шығарманың туу мақсатына орай, яғни жоғарыда келтірілген жазушының «Аңыздың ақыры» романын жазудағы мақсаты

осы қорғаныс құралдарының Әміршіден табылуы заңды екенін негіздейді.

Әдебиеттанушы ғалым Гүлзия Пірәлиева Әмірші бейнесі жайлы: «Өз сырын өзге түгіл өзінен жасыратын Әміршінің табиғаты тұнып тұрған құпия, өзінің не күйінішін, не сүйінішін сырт көзге сездірмес тәкаппар. Кейіпкер тек төңірегіндегілер үшін ғана емес, оқушысына да оңайлықпен сыр ашпайтын тылсым характер. Оның сырт көзге байқала бермейтін ішкі сезім иірімдеріне, жан арпалысына, ой-сезім құбылысына, санасындағы психологиялық процеске, терең тебіренісіне тек автор көмегімен ғана дендейтін сияқтымыз» (Пірәлиева, 1994: 191) – дейді. Ғалымның айтқанындай Әмірші табиғаты күрделі кейіпкер. Оны автордың көмегімен ашықтап түсінуге болады. Дегенмен психологиялық талдау арқылы автордың кейіпкер тұлғасына жасырған құпияларын білуге болады.

«Аңыздың ақыры» романын талдаған әдебиеттанушы ғалым А.Б. Темірболаттың еңбегінде Әмірші бейнесінің мекеншак тұрғысынан көп өлшемді екені айтылады: «В центре внимания писателя – образ Повелителя. Изначально автор не называет героя по имени. Тем самым он подчеркивает, что данный образ, с одной стороны, носит обобщенный характер, с другой – занимает особое положение. Пространственно-временная позиция Повелителя находится над пространственно-временными позициями остальных героев романа. Он – вершитель их судеб. Их жизнь фактически протекает в установленных им пределах. Поэтому хронотоп Повелителя как бы вбирает в себя индивидуальные времена и пространства окружающих его людей. Он выступает своеобразным центром, в котором пересекаются и вращаются судьбы героев произведения. Сквозь призму сознания Повелителя автор преломляет, осмысляет, оценивает их поступки, деяния, происходящие события. Хронотоп главного героя романа характеризуется многомерностью» (Темирболат, 2019: 69).

Әдебиеттанудағы Әбіш Кекілбаев шығармашылығы жайлы зерттеулердің біразына шолу жасағанда, «Аңыздың ақыры» романындағы Әмірші бейнесін негізге алып жазушының кейіпкерді сомдаудағы ерекшеліктерін айқындадық. Ғалымдар еңбектерінен үзінділер келтіргенде қай қырынан зерттеді дегенге тоқталмастан, Ә. Кекілбаев жайлы бір жерден шыққан және мақаламыз мазмұнын толықтыратын тұжырымдарын ғана келтіруіміздің өзіндік себебі бар. Мақаланы жазу барысында қарастырылып

отырған мәселенің ол еңбектерге қарағанда психологизмге жаңа қырынан қарау және өзімізге дейін жазылған дүниелерді тиянақтай отырып жалғау мақсаты көзделді.

Сонымен қатар Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы Әбілхайыр хан образын мысал ретінде айтып өтсек. Әбілхайыр хан – ақыл парасаты мол, пікірі мен танымы кең ел басшысының үлгісі. Екі роман да тарихи таным мен елдік мүдденің үйлесімінен туған туынды ретінде Әбіш Кекілбаев қаламының ізін танытады. Романдарда баяндалатын елшіліктер, рулар арасындағы қатынастар, ел тарихындағы маңызды оқиғалар, ханның ақылды, айлалы болмысы, халықтық мінез бен салт-сананың ерекшеліктері жазушы шеберханасын жақсы жағынан тануға мол мүмкіндік береді. Әбілхайыр хан бейнесі мен Әмірші бейнесі арасында шығарма табиғатына сай үлкен айырмашылықтар бар. Ал ел билеушісінің психологизмін анықтаудағы автор ізденістерін толыққанды айқындауда екі образды қатар салыстыра қарау керек екендігі анық болады.

Зерттеу тақырыбымыз «Аңыздың ақыры» романы болғандықтан ел билеушілер образын жасау Ә. Кекілбаевтың ерекше қыры екенін атап өтеміз. Әмірші образымен қатар, романдағы Кіші ханым, Жаппар ұста бейнелерінің терең психологиялық мінез қатпарлары шығарманың негізгі тірегі десек қателесе қоймаспыз.

Нәтижелер мен талқылау

Әбіш Кекілбаев шығармашылығы өзінің психологизмімен, философиялық ойға бай болуымен ерекшеленетінін әдебиеттанушылар, сыншылар өз еңбектерінде атап, дәлелдеп келеді. Ал жазушының тарихи деректерді, көне жәдігерлерді шығармашылық пайдалануының өзі кемел психолог пен философтың қолтаңбасындай әсерде қалдырады.

Тарихи жәдігерлерге көз салсақ бүгінге сақталып жеткен біршама еңбек ел билеушісіне арналып жазылған немесе ел билеу ісі жайлы жазылған шығармалар болып келеді. Әміршілердің қалдырған еңбектері тағы бар. Осы тарихи жәдігерлерге қарай отырып әрбірінің өмірінде атын кейінге қалдыруға деген талпыныстың болғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар көптеген ел билеушілеріне арналып соғылған ғимараттар да жетерлік.

Әбіш Кекілбаев өзінің романы туралы сөздерінің бірінде дүниеде түрлі Әміршілер болғанын, олардың өмірлерінде романдағы секілді

оқиғалар орын алғаны туралы ескерткіш жәдігерлер бүгінге дейін жеткенін, Әмірші образының жиынтық образ екенін айтқан болатын.

Ел билеушісіне арналып салынған құрылыстар туралы түрлі аңыздар әлем халықтарында да көптеп кездеседі. Жазушы осы аңыздарға ортақ детальды алып, ерекше көркемдік шешімімен психологизмге бай шығармаға арқау еткен.

Зерттеу нәтижесінде «Аңыздың ақыры» романында автор әр кейіпкерінің іс-әрекетін оның сана ағымындағы ойларының жүзеге асуы ретінде баяндайды. Сана ағымына сыртқы ойлардың да әсер ету мүмкіндігі барлығы жоққа шығарылмайды. Мысалы, Әміршінің Жаппар ұстаны жазалау барысында өз еркі өзінде болғанымен сырт көз халықтың қаһарынан қорқады. Өзінің неше жорықтарда қаймықпай қан майданға кірген қолбасшы екенін біле тұра, ел билеу ісінде халықтың пікірімен санасуы өзін ақтаудың қорғаныш құралы ғана. Ол ұстаны жазалау алдында ел арасында мұнараны салған ұста жайлы, оның жоғалып кетуін халықтың қалай қабылдап, неге жорығандарын жансыздары арқылы біліп, соған орай шешім қабылдаған Әмірші күні жеткен деспотизмнің нышаны ретінде көрінеді.

Роман соңында автордың жорыққа аттанып бара жатқан Әміршіге көзі көрмейтін, әрі жүдеу Жаппар ұстаны көрсетуі, өмірдің өткінші екенін меңзегендей сұқ саусағындағы жүзіктің сусып түсіп қалуы секілді детальдар қолдануы – бастауы бар дүниенің соңы болатыны, бас кейіпкерінің қорқынышының алдынан шығуы секілді ишараттарды білдіреді.

Қорытынды, тұжырымдар

Философиялық ой, эстетикалық талғам Әбіш Кекілбаев шығармаларында өзіндік ерекшеліктерге ие. Әбіш Кекілбаев прозасы әдебиеттегі көркем туындылар ішінде ойшыл, адамның жан-дүниесін ашып көрсететін терең мағыналы мазмұнымен ерекшеленеді. Жазушының тарихи романдарында ел билеушілердің бейнесі шынайы да, сырлы суреттеледі. «Аңыздың ақыры» романы да сол тарихи романдардағы ел билеушілер бейнесінің ізін лайықты жалғайды.

Романда Әмірші, Кіші ханым билік иесі ретінде суреттеледі. Олар не ойласа да, қандай іс-әрекетке барса да бірінші кезекте Әміршінің абыройын ойлайды. Өз абыройлары алдында ешкімді де аямайды. Ал Жаппар ұста, әкесі қолынан іс келетін дарынды шеберлер. Олар

өз еңбегімен күн көріп, өнерлерін көпшілік игілігіне жұмсағысы келеді. Сондықтан ел астанасына келіп сондағы құрылыста жұмыс істейді. Жаппардың өз сезімін сақтауға барын салуы өзінің әрбір іске ынтамен кірісуінің мысалы бола алады.

«Аңыздың ақыры» романы қазақ әдебиетіндегі проза жанрының жетістігі. Авторы Әбіш Кекілбаев қазақ әдебиетіндегі психологизмге

бай туындыларды жазған классик. Романдағы кейіпкерлер адам болмысының ішкі қатпарларын ашып көрсеткенін атап өтуге болады.

Романда суреттелетін халық пен ел билеген әміршінің бейнесі тарихи аңыздарға сүйене отырып авторлық көркемдік шешім тапқандығымен, оқырман ой-өрісін кеңейтетін философиялық ой-толғамдарымен, эстетикалық талғамымен құнды.

Әдебиеттер

- Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- Bryushinkin V.N. *Psychologism, Logic, and Phenomenology*. // K. Wiegand et al. (eds.), *Phenomenology on Kant, German Idealism, Hermeneutics and Logic*. Kluwer Academic Publishers, 2000. P. 39-52
- Mahmudova S.A. *Artistic Psychologism in Uzbek Literature of XX Century* // Collection of materials of the international conference “Materials and methods of innovative scientific and practical research and development”. Kirov, 2019. P. 119-121
- Francis Jeffry Pelletier, Ren’ee Elio, Philip Hanson *Is Logic all in our Heads? From Naturalism to Psychologism* // *Studia Logica*, 2008, № 86. P. 1–65. <http://www.sfu.ca/~jeffpell/papers/PellHansElioFinal.pdf>
- John Fizer *Psychologism and Psychoaesthetics A historical and critical view of their relations* // *Linguistic and Literary Studies in Eastern Europe*, John Benjamins Publishing Company 1981. Vol. XVI, 6 278 pp.
- Terry Eagleton. *Literary Theory. An Introduction*. Second edition. – The University of Minnesota Press, 1996.
- Әбіш Кекілбаев. Шығармашылығы. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. – 800 б.
- Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. Кітапта: Кекілбаев Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы: 4-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
- Әшімбаев С. Ой мен оқиға. Кітапта: Кекілбаев Ә. Шығармаларының он екі томдық жинағы: 3-том, – Алматы: Өлке, 1999. – 448 б. Б. 417-419.
- Тоқбергенов Т. Қос қағыс. – Алматы, 1981. – 280 б.
- Шалабай Б. Ә. Кекілбаевтың тарихи шығармаларындағы монологтың көркемдік қызметі. Кітапта: «Ә. Кекілбаев және замана шындығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 21 желтоқсан, 2009 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 344 б. Б. 139-144.
- Ryan M. *Literary Theory: a practical introduction*. 3rd edition. – New York: Wiley Blackwell, 2017.
- Rivkin J., Ryan M. *Literary Theory: an anthology*. 3rd edition. – New York: Wiley Blackwell, 2017.
- Пірәлиева Г. Сана ағымы және аңыз // «Жұлдыз», 1994, № 1, Б. 189-195.
- Темирболат А. Хронотоп романа А. Кекілбаева «Конец легенды». Кітапта: «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 26 қазан, 2019 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б. Б. 68-76.

References

- Ashimbayev S. (1999) *Oi men oqiga* [Thought and story] Olke (in Kazakh)
- Bryushinkin V.N. (2000) *Psychologism, Logic, and Phenomenology*. Kluwer Academic Publishers.
- Eagleton T. (1996) *Literary Theory. An Introduction*. Second edition. The University of Minnesota Press.
- Fizer J. (1981) *Psychologism and Psychoaesthetics A historical and critical view of their relations*. Linguistic and Literary Studies in Eastern Europe, John Benjamins Publishing Company
- Kekilbayev A. (2010) *Angyzdyng aqyry* [The end of the legend] Zhazushy (in Kazakh)
- Kekilbayev A. (2020) *Abish Kekilbayev. Shygarmashylygy*. Enciklopedia. [Abish Kekilbayev. Creativity. Encyclopedia]. Qazaq kitaby. (in Kazakh)
- Maitanov B. (1996) *Qazaq romany zhane psihologialyq taldau* [Kazakh novel and psychological analysis] Sanat. (in Kazakh)
- Mahmudova S.A. (2019) *Artistic Psychologism in Uzbek Literature of XX Century*. Kirov.
- Pelletier F.J., Ren’ee Elio, Philip Hanson (2008) *Is Logic all in our Heads? From Naturalism to Psychologism*. Studia Logica
- Piralieva G. (1994) *Sana agymy zhane angyz* [The flow of consciousness and legend] Zhuldyz magazine (in Kazakh)
- Rivkin J., Ryan M. (2017) *Literary Theory: an anthology*. 3rd edition. Wiley Blackwell.
- Ryan M. (2017) *Literary Theory: a practical introduction*. 3rd edition. Wiley Blackwell.
- Shalabay B. (2009) *A. Kekilbayevting tarihi shygarmalaryndagy monologtyng korkemdik qyzmeti* [Artistic activity of the monologue in the historical works of A. Kekilbayev] Qazaq Universiteti (in Kazakh)
- Temirbolat A. (2019) *Hronotop romana A. Kekilbaeva “Konec legendy”* [Chronotope of A. Kekilbaev’s novel “The End of the Legend”] Qazaq Universiteti (in Russian)
- Toqbergenov T. (1981) *Qos qagys* [Double beat] (in Kazakh)